



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2022 жылғы 9-16 желтоқсан аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 19 желтоқсан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 15 желтоқсанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,8%-ға (472,14-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 468,56 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2022 жылғы 9 – 16 желтоқсанда бірқатар маңызды оқиға болды. АҚШ ФРЖ мөлшерлемені 4,25-4,5%-ға дейін 50 базистік тармаққа ұлғайтып, оның өсу қарқынын бәсеңдету туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, Джером Пауэлл реттеушінің мөлшерлемелерді өсіруді жалғастыратынын мәлімдеп, қатаң риториканы сақтап қалды. АҚШ-тағы инфляцияның өсуі қарашаның қорытындысы бойынша 7,1%-ды ж/ж (өткен айда 7,7% ж/ж) құрады. Англия Банкі негізгі мөлшерлемені 3,5%-ға дейін 50 базистік тармаққа көтеріп, елдегі инфляцияның ең жоғары деңгейге жетуі мүмкін екенін білдірді (қарашада 10,7% ж/ж). ЕОБ мөлшерлемені 2,5%-ға дейін жарты пайыздық тармаққа көтеру туралы шешім қабылдады.


Бұл факторлар негізінен дамушы нарықтар валюталарының теріс динамикасына әкелді.

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының динамикасы¹ төмендегідей қалыптасты:



- **Индонезия рупиясы** сауда балансы профицитінің 5,2 млрд АҚШ долларына дейін (өткен айда 5,7 млрд АҚШ доллары) төмендеуі аясында 0,1%-ға (15 583-тен 15 598-ге дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ ФРЖ қатаң риторикасы мен АҚШ доллары бағамының нығаюы аясында 0,1%-ға (19,77-ден 19,78-ге дейін) әлсіреді. ОБ мөлшерлемелерді одан әрі көтеру қажеттілігін білдіре отырып, мөлшерлемені 10,5%-ға дейін 50 базистік тармаққа көтерді;
- **түрік лирасы** жаһандық тәуекел сентиментінің нашарлауы аясында 0,2%-ға (18,65-тен 18,69-ға дейін) әлсіреді. Реттеуші таза валюталық позицияны меншікті капиталдың 5%-на дейін төмендетіп, ол бойынша талапты қатаңдатты (бұрын лимит 20% болған);
- **үнді рупиясы** теріс тәуекел сентименті және мұнай бағасының өсуі аясында 0,7%-ға (82,28-ден 82,87-ге дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** Президенттің елді дамыту банкінің басшысы етіп шағын бизнесті және өнеркәсіп салаларын субсидияланған мөлшерлемелер бойынша қаржыландыруды кеңейтуді жақтайтын Алоизио Меркадантені тағайындау туралы шешімі аясында 1,1%-ға (5,25-тен 5,31-ге дейін) әлсіреді, бұл Орталық банк пен инвесторлардың алаңдаушылығын тудырды;
- **Оңтүстік Африка ранды** теріс тәуекел сентименті және елдің бас энергетикалық компаниясы - Eskom төрағасының отставкаға кетуі аясында 1,9%-ға (17,35-тен 17,68-ге дейін) әлсіреді;

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары

- **Ресей рублі** ЕО-ның тау-кен және энергетика секторларына арналған шектеулерді көздейтін РФ-ға қарсы санкциялар пакетін бекітуі аясында 3,6%-ға (62,43-тен 64,65-ке дейін) әлсіреді. РФ ОБ мөлшерлемені 7,5% деңгейінде қалдырды.



Дамушы елдер валюталарының динамикасы
(2022 жылғы 2 желтоқсан = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press.nationalbank.kz

www.nationalbank.kz